

Ж.Тәшенов атындағы жалпы орта мектебі

**Тақырыбы: Тұлпар мініп, ту алған!**

(Әдеби кеш)

Дайындаған : П.Жунисова

2021-2022 оқу жылы

Құрметті Үстаздар мен оқушылар!

«Тұлпар мініп, ту алған!» атты кешіміңге көш келіңіздер!

Бүгінгі өтін жатқан іс-шарамыздың мақсаты: Оқушыларға еліміздің ежелден дәріптеп, қастерлеп келген батырлар жырының асылын, бойларына сіңіру, оларды тарихтың рухани көш-керуеніне ілестіріп отыру, өз Отанын сүйетін, мақтаны тұтатын және оның қамын жейтін, ол үшін күресе білетін тұлға тәрбиелеу.

Олай болса, Үш жыл қатарынан «Жақсылар дастан айтайын» байқауына қатысып, облыс көлеміне танымал болған Әлжанпарды сахна төріне шықарамыз. Кеш қонақтары Д.Қолласова, С.Уразбаева

Жүргізуші: П.Жунисова

II-сынып оқушысы Әбілтай Бағлан : Мұрат Мөңкеұлы «Тұлпар мініп, ту алған!» жырдан жатқа айту

Тұлпар мініп, ту алған,  
Душпанын көріп қуанған,  
Алмасын қанға суарған,  
Аруақты ерлердің  
Абыройын төккен жер.  
Керекесін кескен жер,  
Кесіп бұршақ еткен жер.  
Ердің соңы – Исатай,  
Бармағын тістеп өткен жер.

Жеті жұрт көшіп кеткен соң,  
Атамыз қазақ баласы  
Қонып мекен еткен жер.  
Мыннан-мыннан жылқы айдан,  
Жүзден-жүзден нар байлап,  
Дәулеті қалың біткен жер.  
Аузы түкті кәуірдің,  
Басы шоқты қалмақтың  
Қанын судай төккен жер.  
Алма мойын аруын  
Ерлерім олжа еткен жер.  
Күндердің күні болғанда  
Таршылықта қалыңды  
Қайырсыз болған беткен жер?!

Адыра қалтыр, көк Жайық,  
Садағын сала байлашып,  
Астана жұртын айналып,  
Ерлерім еңсеп желген жер

**Жүргізуші: П.Жунисова**

Ұлттық мәдениетіміздің ең үлкен бір саласы - көркем әдебиет десек, сол әдебиеттің ертеден келе жатқан әлеуметтік жүгі мол, кең өрісті саласының бірі - батырлар жыры. Батырлар жырының көркемдік ерекшелігі мен мәні туралы Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, С.Мұқанов, К.Жұмалиев, Ө.Марғұлан сияқты көптеген ғалымдарымыздың құнды еңбектері бар. Жас ұрпақты тәрбиелеудегі батырлар жырының мазмұн байлығы мен ой тереңдігі, кейіпкерлердің даралығы туралы тың пікірлері толық зерттеліп бітті деп айта алмаймыз. Халық ауыз әдебиеті уағыздаған сан-салазы гибраттар батырлар жырында молынан кездесетіндіктен, әр ұстаз соның мән-мазмұнын ашып, оқушы жанына сіңіруге талаптануда.

«Патриотизм өзінен-өзі келетін қасиет емес. «Отанды сүй» деп жалаң айғайлау жастарды патриотизмге тәрбиелеу боп табыла бермейді, міне мынадай Отанды сүй деп тәрбиелесек, сірә, сол ұғымды болар. Ол үшін ауқымды мемлекеттік бағдарлама, мәдениет жөніндегі заң керек» деген Д.Исабековтің пікірі өте орынды.

Яғни Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Оңтүстік Қазақстан» газетінің директоры А.Балажан өз тілшілерімен бірлесіп, «Жақсылар дастан айтайын» байқауын өткізді.

**Мүгалім: (Слайдпен таныстыру) Әлжаппардың жетістіктері**

Қай халық болсын өзінің батырлар жырында елеулі оқиғаларды көркем бейне арқылы жинақтап, өзінше бағалайды, өзінің көзқарасын білдіреді. Сол бейне - халықтың алып қуатының, қажымас қайратының, сарқылмас күйінің көрінісі. Олар жеке басының қамын ойламайды, елдің амандығы, бүтіндігі үшін отқа күйіп, суға батудан тайынбайтын ержүрек қаһармандар. Айталық, «Алпамыс батыр» жыры халықтың бірлігін, тұтастығын, ынтымағын армандаудан туган. Бірлігі бар ел ғана жауға қарсы тұрып, туган жердің қасиетті топырағын жауға таптатпайды деген түйін жатыр. Елдің тұтастығын сақтап, жауына қарсы айбат көрсетіп, халқына қамқор болатын - оның батыр ұлдары. Алпамыс - сондай ерен ерлердің бірі. Ол Тайшық ханның қанды шеңгелінен елін аман алып қаламын деп, оның құрған қақпанына байқаусызда түсіп, жеті жыл қапас зынданда отырады. Жырда Алпамыс тек

кана қара күштің иесі емес, адамгершілік қасиеті өте жоғары, он саусағынан оңер тамған шебер екендігі білінеді.

Жырлар сюжетінен орын алған Қобыландының жылқы бағуын, Қамбардың аң аулауын, бейнелейтін көріністерге оқушылар зейінін аудара отырып, еңбектің адам өміріндегі маңызын, тіршілік тірегі екендігін дәйектей көрсетуге болады. Жау ынданында жатып сыбызғы жасаған Алпамыс әрекеттерінің түпкі жемісіне тер салу арқылы еңбектің еш уақытта өтеусіз кетпейділігін ұғынады. Батырлар жырындағы сүйікті кейіпкерлерінің ерлікке толы әрекеттері кез келген баланы осы батырдай болсам деген арманға жетелейтіні сөзсіз.

Қобыландының нағыз ержүрек батырға тән ерекше бітімі, мыңдаған жау әскерімен жалғыз өзі шайқасып жеңіске жеткендей барынан жауы ескені ең ер тұнасы оқушыны айрықша сезімге бөлен рухтандырары хақ.

**Кезек Әлижанпарда өзі қатысқан үш жырдан үзінді тоғилту.**

**Жүргізуші: П.Жунисова. Кезекте Әлі: «Отан» 5-сынып оқушысы  
Оразалы Арайлым**

**Жүргізуші: П.Жунисова. Көрермен сұхбат айдарына кезек береміз.  
(Сұрақ-жауап)**

**Жүргізуші: П.Жунисова «Қобыланды батыр» жырынан үзінді хормен  
жатқа айту 5-сынып оқушылары**

**Бастауыш сынып мұғалімі Данахал анайға сөз береміз.**

**Кеш қонақтарының ізгі тілектері**

Кешімізді қорығындылай келе, Сан ғасырлық тарихы бар халық ауыз әдебиетіндегі батырлардың бойындағы асыл қасиеттер қазіргі күнгі жігіттердің бойынан табылса екен деген үміттеміз. Осындай батырлар жырын жаттатп батыл, жігер, төзім сияқты асыл қасиеттерді бойларынан көреміз деген сенімдеміз. Сендерді боланықта еліне адал, отанын сыртқы жаудан қорғай алатын патриот тұлға қалыптасып шығады деген ойдамын.





